

Педагог-психологқа арналған жадынама

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының COVID-19 жаңа коронавирусты пандемия деп жариялауына байланысты, Қазақстан Республикасының барлық аумағында 2020 жылдың 16 наурызында төтенше жағдай енгізілді.

2020 жылғы 6 сәуірден бастап Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдары қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып білім беруге көшті.

Коронавирустық инфекцияның қазіргі кездегі таралуы (COVID-19) және қажетті карантиндік шаралар, психологиялық көмек пен қолдау, сонымен қатар стрессті басқаруды өз бетінше үйрену, бір-бірін қолдау мақсатында қарым-қатынас жасау, мамандардың онлайн-кеңестері қажеттілікке айналды.

Қазіргі қолайсыз эпидемиологиялық жағдайда білім беру ұйымының педагог-психологы балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) негізінен қашықтықтан бейне-конференция (скайп, Whatsapp) немесе телефон арқылы психологиялық- педагогикалық, әдістемелік және кеңес беру көмектерін көрсетуде.

1. Халыққа психологиялық көмек көрсету және қолдау көрсету үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық ғылыми-практикалық психикалық денсаулық орталығы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) қолдауымен // covid-19.mentalcenter.kz сайты құрылды.

Осы сайтта барлығы өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап ала алады, сондай-ақ психолог немесе психотерапевтен онлайн-кеңес алу үшін алдын-ала өтінім қалдыра алады. Өтініш берушіге келісілген уақытта маманмен байланысқа шығуға болатын сілтемесі бар СМС келеді.

Жобаға еліміздің барлық өңірлерінен Денсаулық сақтау, білім беру, мемлекеттік, мемлекеттік емес секторлар жүйесінде жұмыс істейтін 50-ден астам мамандар қатысады. Онда жергілікті жағдайларға бейімделе отырып коронавирустық инфекцияның таралу кезеңінде, оның ішінде UNICEF, WHO, Төтенше жағдайлар жағдайында психикалық денсаулық және психоәлеуметтік қолдау бойынша ведомствоаралық Комитеттің жұмыс тобы психологиялық көмектің үздік халықаралық тәжірибесі жинақталған.

2. <https://www.unicef.org/kazakhstan/> сайтында пандемия кезінде ата-аналар мен балаларды қолдау және психологиялық көмек беру бойынша «Мектептегі COVID-19 алдын алу және бақылау туралы негізгі хабарламалар мен іс-әрекеттер» материалдары ұсынылды.

3. Жастардың адамгершілік-жыныстық тәрбиесінің алдын алу мәселелеріне, атап айтқанда **жыныстық сауатсыздық пен жасөспірімдік жүктілік мәселесіне назар аудару.** БҰҰ-ның халық қоныстануы жөніндегі Қорының (ЮНФПА) www.unfpa.org, сайтында ерте жүктіліктің алдын алу мәселелері бойынша ақпарат ұсынылды.

4. **Кәмелетке толмағандарға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, қатыгездікпен қараудың** алдын алу және ескерту бойынша жұмыс жүргізу. Қарағанды облысындағы сенім телефонының жұмысы туралы

ақпаратты ата-аналар мен оқушыларға жеткізу: тәулік бойы, тегін сенім телефонының желілері: **8 800 040 050, 8 (7212) 90-20-52.**

5. «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК <https://umckrg.gov.kz/> сайтының «Ақпарат» бөлімінде «Қашықтықтан оқыту» бөлімшесінде педагог-психологтар, ата-аналар мен оқушыларға арналған қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру және психологиялық қолдау бойынша материалдар берілген.

6. Қарағанды облысындағы сенім телефонының жұмысы туралы ақпаратты ата-аналар мен оқушыларға жеткізу қажет. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде Қарағанды облысының білім басқармасы «Шанс» қоғамдық қорымен бірлесіп «Өмірде қиын жағдайға тап болған кәмелетке толмағандарға психологиялық, әлеуметтік және консультациялық-құқықтық көмек көрсету, сонымен бірге сенім телефоны арқылы көмек беру» жобасын іске асыруда. Жоба аясында тәулік бойы, тегін сенім телефон желісі жұмыс істейді: **8 800 040 050, 8 (7212) 90-20-52.**

7. Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының педагог-психологтары «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК сайтында қашықтықтан оқыту бойынша өздерінің әдістемелік материалдарын орналастыра алады.

Сайтта қазақ және орыс тілдерінде материалдар орналастыруға болады:

- диагностикалық материал;
- оқушылармен түзету және дамыту сабақтарын әзірлеу;
- тренажерлер, көрсету және тарату материалдары (жадынамалар, нұсқаулықтар);
- 15 мғб аспайтын презентациялық материалдар (PowerPoint форматындағы презентациялар);
- бейнематериалдар (MP4 форматта).

Материалды ресімдеу кезінде көрсету қажет:

- 1) құжаттың атауы және әдістемелік өнімнің түрі (әдістемелік әзірленім, ұсынымдар, практикалық тапсырмалар мен жаттығулар жинағы, диагностикалық материал, тәжірибелер т.б.);
- 2) автордың аты-жөні (қысқартусыз);
- 3) білім беру ұйымының атауы, өңір.
- 4) мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтиже, мақсатты аудитория, қатысушылардың жасы, пайдаланылатын ресурстар.

Материалдар «Педагог-психологтың материалдары» деген белгімен **umc-ro@umckrg.gov.kz** электрондық поштаға жіберіледі.

Материал жоғары мазмұнды және кәсіби деңгейде болуы керек.

8. Білім беру ұйымдарының психологтары ақпараттық, әдістемелік және кеңестік көмек қажет болған жағдайда «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының» психологы **Илюхина Татьяна Михайловнаға** 87013581936 байланыс телефоны арқылы хабарласа алады.